

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы
Қоғамдық кеңес отырысының
№8 ХАТТАМАСЫ**

8 маусым 2018 жыл

Алматы қ.

ҚАТЫСҚАНДАР

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңестің (бұдан әрі – Кеңес, ҚК) мүшелері:

- 1) Сейпульник Евгений Валерьевич, Кеңес Төрағасы;
- 2) Донских Алевтина Александровна, Кеңес төрағасының орынбасары;
- 3) Алтынбекова Гүлсара Асылбекқызы;
- 4) Бурабаев Ерлан Өмірзақұлы;
- 5) Игібаев Ержан Мінімханұлы;
- 6) Кожухова Светлана Владимировна;
- 7) Ледовских Ирина Александровна;
- 8) Своик Петр Владимирович;
- 9) Тәжібекова Жұмагүл Қуатбекқызы;
- 10) Шайхутдинов Еренғайып Мәлікұлы.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі-БЖЗҚ) өкілдері (дауыс беру құқығынсыз):

- 1) Наурызбаева Нұрбүби Серекхажықызы, «БЖЗҚ» АҚ Төрайымы;
- 2) Егеубаева Сауле Аскарарна, БЖЗҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 3) Бақтыбаев Назым Әбдухалимұлы, «БЖЗҚ» АҚ Заң департаментінің директоры;
- 4) Ақмаева Марина Абрахманқызы, БЖЗҚ БАҚ-пен байланыс бөлімінің бастығы,

Кеңес хатшысы.

Отырысқа Кеңестің 10 мүшесі қатысты. Кеңес мүшесі Василина Атоянцтан бала күтімі бойынша демалысқа шығуына орай отырыстарға уақытша қатыса алмайтыны туралы хабарлама келіп түскендіктен, Кеңес туралы Ереженің 38-тармағында айқындалған отырыс қворумы бар деп тану туралы шешім қабылданды.

Отырысты Кеңестің төрағасы Е.Сейпульник ашты. Ол отырыстың күн тәртібімен таныстырды.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Қоғамдық кеңес төрағасын, Қоғамдық кеңес төрағасының орынбасарын қайта сайлау;
2. ҚК туралы ереже нормаларын ескере отырып, құрамды қайта қарастыру;
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің зейнетақы активтерін инвестициялау, атап айтқанда, қаражатты ЕДБ облигацияларын сатып алуға бағыттау мәселелері туралы ақпараты;
4. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тарту мәселелері бойынша бұрын қалыптастырылған ұсыныстарды, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту бойынша ҚК мүшелерінің ұсыныстарын талқылау.

ҚАРАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша

Кеңес төрағасы Евгений Сейпульник сөз сөйледі, ол Кеңес туралы Ереженің 28-тармағына сәйкес Кеңес төрағасы мен оның орынбасары кеңес мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы қабылданатын кеңес шешімімен бір жыл мерзімге сайланатынын хабарлады. Осыған сүйене отырып, Кеңес төрағасы мен төраға орынбасарын қайта сайлау туралы мәселе қойылды.

Кеңес Төрағасының лауазымына төмендегі үміткерлер ұсынылды:

Сейпульник Е., Ледовских И., Донских А.

Евгений Сейпульниктің кандидатурасына Кеңестің 10 мүшесі дауыс берді.

«Қолдағандар» - 10,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан».

Кеңес төрағасы етіп Евгений Сейпульникті тағайындау туралы шешім бірауыздан қабылданғандықтан, басқа үміткерлердің кандидатуралары дауыс беруден алынып тасталды.

Кеңес төрағасының орынбасары лауазымына Алевтина Донских кандидатурасы ұсынылды. 10 адам дауыс берді.

«Қолдағандар» - 10,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан».

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша

Евгений Сейпульник сөз сөйледі, ол отырыстарға қатысу барлық мүшелер үшін міндетті екенін атап өтті, өйткені Кеңестің шешім қабылдау процесі осыған байланысты. Алайда Кеңестің жекелеген мүшелері онымен байланысын үзген. Сейпульник Кеңес отырыстарына қатысу мәселесі талданғанын айтты. 25-тармаққа сәйкес Кеңес мүшесінің өкілеттігі Кеңестің осы мүшесі Кеңестің отырыстарында дәлелсіз себеппен қатарынан екі және одан да көп рет болмаған жағдайда Кеңестің шешімімен мерзімінен бұрын тоқтатылады. Кеңес мүшесі Ксения Бондал үлкен жұмыс жүктемесіне байланысты отырыстарға қатысу мүмкіндігі жоқ екенін сырттай хабарлады, сондықтан оны Кеңес құрамынан шығаруды сұрайды.

К.Бондалдың өтінішін қанағаттандырып, отырыстарға қатыспағандықтары үшін төмендегі мүшелерді құрамнан шығару туралы ұсыныс жасады:

Дәуітәлиев Данияр (қатарынан 4 рет қалған),

Ильичёва Жанна (қатарынан 4 рет қалған),

Нұрова Мархаббат (қатарынан 3 рет қалған).

Кеңес мүшелері кворум жинау мүмкін болмағандықтан, Кеңестің маңызды шешімдер қабылдау процесі және оларды одан әрі жылжыту кешіктіріледі деген пікірді қолдады. Кеңес мүшелерін алып тастау туралы мәселе дауыс беруге шығарылды. Мәселе дауыс беруге шығарылды. 10 адам дауыс берді.

«Қолдағандар» - 10,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан».

Василий Атоянц декреттік демалыс кезінде Кеңес отырыстарында уақытша болмағаны туралы хабарлады. Жақын арада жұмысқа қайта оралмақ. Кеңес хабарламаны назарға алды.

Кеңес төрағасының орынбасары Алевтина Донских байланыс тобының жұмысын күшейту керек деген пікір білдіріп, журналист Ирина Ледовскихті топтың жетекшісі етіп тағайындауды ұсынды. Ұсыныс дауыс беруге шығарылды. 10 адам дауыс берді.

«Қолдағандар» - 10,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан»

БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңеске кіруге жаңа кандидатуралар қаралды: Бейсембинов Ерлан Нұрланұлы, «Қазақстандық Ұлттық Директорлар бірлестігі» ҚБ атқарушы директоры, Назаренко Владимир Петрович, «Құқықтық тәртіп – Достастық» консорциумының төрағасы, Татьяна Батищева - қаржы тақырыптарына жазатын журналист (abctv.kz) (өтініштер мен сауалнамалар қоса берілді).

Кеңес мүшелері үміткерлер Е.Н. Бейсенбинов пен В. П. Назаренконы кезекті отырысқа шақырып, олардың кеңес жұмысына қатысу ниеті туралы білу қажет деген пікір білдірді.

Үміткер Татьяна Батищеваны Кеңес төрағасының орынбасары Алевтина Донских пен Кеңес мүшесі Ирина Ледовских қаржы тақырыбы бойынша үлкен тәжірибесі бар журналист ретінде сипаттады. Оның білімі, тәжірибесі, жауапкершілігі және Кеңес мүшесі болуға деген ықыласы жалпы жұмысқа, Кеңестің қызметін және жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуін жариялауға оң әсер етуі тиіс. Татьяна Батищеваны Қоғамдық кеңестің құрамына қабылдау туралы мәселе дауысқа салынды.

Кеңестің 10 мүшесі дауыс берді.

Дауыс беру қорытындысы:

«Қолдағандар» - 9,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «дауыс көптігімен». Осылайша Кеңес құрамын қайта қарау нәтижесі бойынша енді ол 19 адамнан тұратын болды.

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша

ҚР Ұлттық Банкінің өкілдері – ҚРҰБ МОД зейнетақы активтерімен сауда операциялары басқармасының бастығы Нұржан Нұрғазинді тыңдады. Олар Кеңеске зейнетақы активтерін инвестициялаудың соңғы бағыттары туралы баяндады. Атап айтқанда, ағымдағы жылы БЖЗҚ зейнетақы активтерін қазақстандық корпоративтік эмитенттердің бағалы қағаздарына және екінші деңгейлі банктердің қаржы құралдарына 200 млрд теңге сомасында инвестициялау туралы шешімді Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес қабылдағаны атап өтілді.

Зейнетақы активтерін екінші деңгейдегі банктерге инвестициялау неғұрлым қаржылық орнықты банктердің орта мерзімді облигацияларына тек нарықтық шарттарда жүзеге асырылатын болады. Кірістіліктің нарықтық мөлшерлемелерін инвесторлар облигацияларды орналастыру кезінде айқындайтын болады. Мысалы, ЕДБ үшін орта мерзімді қарыз алудың ағымдағы нарықтық мөлшерлемелері Банктің сенімділігіне байланысты жылына 11-13% диапазонында болады. Осы облигациялық бағдарлама банктер тарапынан өз облигацияларының шығарылымдарына инвесторлардың кең ауқымын тарту бойынша күшейтілген жұмыс жүргізуді талап етеді. БЖЗҚ, әрине, банктерге инвестор ретінде қызықты, бірақ оның қатысуы тек басқа сатып алушылар болған жағдайда ғана мүмкін болады. БЖЗҚ инвестицияларының мөлшері инвесторлар арасында орналастырылған облигациялардың 50%-ынан аспайтын болады. Бұл шаралар

БЖЗҚ тәуекелдерін төмендетіп қана қоймай, орналастырылған облигациялар бойынша әділ нарықтық табыстылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте ҚР ҰБ қаржы жүйесін реттеуші ретінде банктердің жағдайын қадағалайды. Қазіргі уақытта ҚР ҰБ зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған банктерді іріктеу бойынша қажетті тетікті әзірлеуде. Банктерді іріктеу үшін негізгі өлшемшарттар активтер сапасының, өтімділіктің, меншікті капитал жеткіліктілігінің және рентабельділіктің жоғары көрсеткіштері болып табылады. Осылайша, қаржылық жағдайы тұрақсыз банктер БЖЗҚ қаражатын тарту бойынша жоспарланған облигациялық бағдарламаға қатыса алмайды. Ұлттық Банктің пікірінше, бағдарламаны табысты іске асыру БЖЗҚ-ның инвестицияланатын активтерінің нақты кірістілігін қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар қатысушы банктер үшін орта мерзімді кезеңде экономиканың нақты секторының жобаларын кредиттеуге мүмкіндік беретін орнықты қорландыру базасын қалыптастырады.

Әзірше инвестициялық басқарудың тиімділігін арттыру және салымшылардың мүдделерін қорғау мақсатында 2016 жылдың басынан бастап зейнетақы активтерін инвестициялау тәсілі өзгергенін, оның ішінде екінші деңгейдегі банктерге салынатын жаңа инвестициялар көлемі айтарлықтай қысқарғанын (БЖЗҚ инвестициялық портфеліндегі банк секторының үлесі 34% - дан 20% - ға дейін төмендетілгенін) атап өткен жөн.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта зейнетақы активтерін «Бәйтерек» Холдингі арқылы «АстанаГаз ҚМГ» АҚ облигацияларына инвестициялау мүмкіндігі қарастырылуда. Бұл ретте Ұлттық банк бұл инвестицияны құрылтайшылардан облигациялық міндеттемелер бойынша кепілдіктер берген кезде ғана қарайды. Сондай – ақ зейнетақы активтерінің портфелін әртараптандыру мақсатында 500 млрд теңгеге немесе \$1,58 млрд теңгеге шетел валютасы сатып алынды. Біздің инвестицияларымыздың үшінші басымдығы – халықаралық қаржы ұйымдарының теңгемен номинацияланған облигацияларын сатып алу.

ҚРҰБ өкілдері Қоғамдық кеңес мүшелерінің сұрақтарына жауап берді.

ҚР ҰБ ақпаратын назарға алу туралы ұсыныс жасалды. Кеңестің 10 мүшесі дауыс берді. Дауыс беру қорытындысы:

«Қолдағандар» - 10,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан»

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша

«БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары С.А. Егеубаева өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тарту тақырыбын белсенді талқылағаны және осыған байланысты ұсынған ұсыныстары үшін Кеңестің барлық мүшелеріне алғыс білдірді. Кеңес мүшелерінің барлық пікірлері мен ұсыныстары зерделеніп, ескерілгені атап өтілді.

Қор Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынады, атап айтқанда:

1. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі-ЕХӘҚМ) ұсынған бірыңғай жиынтық төлемді (бұдан әрі – БЖТ) төлеушілер санаттарын және жұмыспен қамтылған халықтың жаңа санаттарына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын (бұдан әрі – МЗЖ) төлеу жөніндегі мөлшерлемелерді бекіту туралы;

2. БЖТ бөлудің болжамды тетігін ескере отырып, МЗЖ мөлшерін белгілеу;

3. Еңбекмині ұсынған БЖТ бөлудің ұсынылатын тетігінен жеке табыс салығын (бұдан әрі – ЖТС) төлеу бойынша міндеттемелерді алып тастау);

4. БЖТ төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалардың шекті табысын шектеуді елеулі түрде төмендету қажеттілігі;

5. МЗЖ, МКЗЖ есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын ашудың қолданыстағы өтініш беру сипатын болдырмай, алғашқы зейнетақы жарнасы түскен кезде МЗЖ есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын автоматты түрде ашу;

6. БЖТ төлеушілері болып табылатын жеке тұлғалар үшін МЗЖ мемлекеттік субсидиялауды (бірлесіп қаржыландыруды) енгізу (мемлекеттен үстеме төлем);

7. халықты жұмыспен қамтудың бірде-бір санатына жатпайтын адамдарға мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша шектеулер енгізу.

Кенес мүшелерінің ұсыныстары қарастырылды және оларға түсініктемелер берілді:

Мысалы, салымшылардың ерікті аударымдары сомасының 10% мөлшерінде мемлекеттік бонустарды есептеу;

салымшылардың белгіленген жасқа және жинақ сомасына жеткенде, баланың тууы, тұрғын үй сатып алу, емдеу, білім алу, ипотека және т. б. бойынша белгілі бір бөлігін пайдалану құқығы;

салымшыларға қысқа мерзімді онлайн-кредиттер, сондай-ақ олардың жинақтар кепілімен тұтынушылық кредиттер алу құқығы;

Ұлттық қор қаражатының белгілі бір бөлігін осы мақсаттарға бағыттай отырып, оларға бастапқы Мемлекеттік салымды (мысалы, 1 млн.теңге) есептей отырып, әрбір туған балаға жинақтаушы зейнетақы шотын ашу; зейнетақы активтерін инвестициялау жөніндегі ұсыныстарды жүктеу және басқалар.

Бұрын Кеңес мақұлдаған БЖЗҚ ұсыныстары Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жолданды. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың мәселелері бойынша Кеңес мүшелерінің ұсыныстары мен пікірлерін бір ай ішінде қорытындылап, талқылау ұсынылды. Сонымен қатар, осы мерзімде Қоғамдық кеңестің жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту жөніндегі бұрын әзірленген ұсыныстарын өзектендіру және ҚР Ұлттық Банкіне қайта жіберу ұсынылды.

Мәселе даус беруге шығарылды. Кеңестің 10 мүшесі дауыс берді. Дауыс беру қорытындысы:

«Қолдағандар» - 10,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан»

Күн тәртібінен тыс «БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрайымы Нұрбүбі Наурызбаева Кеңес төрағасы Евгений Сейпультниктің «Время» газетіне берген сұхбатына түсініктеме берді («Совет до нелюбовь», 2018 ж.23 мамыр). Атап айтқанда, ол материалда дәлсіздікке жол берілгенін және «Қазақстан қағазы» компаниясының қазіргі басшысы мен негізгі акционері Томас Матеос Вернер мен БЖЗҚ, сондай-ақ Лондон үдерісімен айналысқан Заң фирмасы арасында аталған келісімге БЖЗҚ басшылығы қол қоймағанын атап өтті. Бұл келісім БЖЗҚ-ның қатысуынсыз жасалған. Сондай-ақ, Басқарма төрағасы бұл мәселе Ұлттық Банк жанында талқыланбағанын және ҚРҰБ-тың бұл мәселе бойынша өтініштері болмағанын атап өтті.

Ақпаратты Кеңес мүшелері назарға алды.

ШЕШТІ

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша

1.1. Қоғамдық кеңестің төрағасы болып Евгений Сейпультник сайлансын,

1.2. Қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары болып Алевтина Донских сайлансын.

1.3. Қоғамдық кеңестің коммуникациялар жөніндегі тобының жетекшісі болып Ирина Ледовских сайлансын.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша

2. 1. Қоғамдық кеңес туралы Ереженің 25-тармағына сәйкес «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Кеңес құрамынан екі және одан да көп отырыстарда болмаған жағдайда Кеңес мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтату мүмкіндігі бөлігінде Кеңес құрамынан мына мүшелер шығарылсын:

Ксения Бондал,
Данияр Дауталиева,
Жанна Ильичева,
Нұров Мархаббат

2.2. Журналист Татьяна Батищеваның мәлімдемесі қанағаттандырылсын және ол Кеңес мүшелігіне қабылдансын.

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақпараты назарға алынсын.

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша

Бір ай ішінде Қоғамдық кеңестің жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту жөніндегі бұрын әзірленген ұсыныстары өзектендіріліп, ҚР Ұлттық Банкіне қайта жолдансын.

Отырыс төрағасы
Отырыс хатшысы

Е. Сейпульник
М. Акмаева